



010000, Нұр-Сұлтан қаласы, «Министрліктер Үйі»
тел.: (7172) 74-24-28, факс: (7172) 74-24-16

010000, город Нур-Султан, «Дом министерств»
тел.: (7172) 74-24-28, факс: (7172) 74-24-16

№ _____

*Алматы қаласы, Тимирязев көшесі,
15 Б, 2- қабат, 9, 10-кеңсе
Factcheck.kz сайтының бас
редакторы
Д.Д. Смақовқа*

Құрметті Думан Дубекұлы!

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Сізге ризашылығын білдіре отырып, Сіздің сұранысыңызды қарап, төмендегіні хабарлайды.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 47-бабының 17-тармағына сәйкес «ауылдық квота» шегінде педагогтік, медициналық және ветеринарлық мамандықтар бойынша оқуға түскен ауыл жастары қатарынан шыққан азаматтар жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымын бітіргеннен кейін тиісінше мемлекеттік білім беру ұйымдарында, мемлекеттік медицина ұйымдарында, ветеринария саласында қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік органдар бөлімшелерінде не ауылдық жерде орналасқан мемлекеттік ветеринария ұйымдарында кемінде үш жыл жұмысты өтеуге міндетті.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 390 қаулысымен бекітілген, «Маманды жұмысқа жіберу, өз бетімен жұмысқа орналасу құқығын беру, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған азаматтардың жұмысты өтеу жөніндегі міндеттен босату немесе міндеттерді тоқтату қағидаларының» (бұдан әрі – Қағида) 2-тармағының 8-тармақшасына сәйкес, жас мамандарды жұмысқа бөлу және жіберу үшін ЖОО-ларда және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органда жас мамандарды жұмысқа дербес бөлу жөніндегі комиссиялар құрылады және бөлу жөніндегі комиссиялар жыл сайын облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарына бітірушілердің санын, тұратын жерлерін, алған мамандығы мен

оқыған тілін көрсете отырып, ауыл жастары қатарынан шыққан азаматтарға берілетін квота шегінде, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде түскен, ағымдағы жылғы түлектерді одан әрі жұмысқа орналастыру үшін бос жұмыс орындарын ұсынуға өтінімдер жолдайды.

Қағиданың 17- тармағы, 1- тармақшасына сәйкес, жұмысқа бөлу сәтінде бос жұмыс орындары болмаған жағдайда, бөлу жөніндегі комиссиялар жас мамандарды және философия (Phd) докторларын жұмысты өтеу мерзімінде жұмыссыз ретінде есепте болған уақытты есептей отырып, тұрғылықты жеріндегі халықты жұмыспен қамту орталығында тікелей не «электрондық үкіметтің» веб-порталы немесе «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркеуге жібереді.

Қағиданың 7- тармағының 2- тармақшасына сәйкес, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның жанында – медициналық мамандықтар бойынша ауыл жастары қатарынан шыққан азаматтарға берілетін квота шегінде оқуға түскен азаматтарды және медициналық мамандықтар бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде оқуға түскен азаматтарды жұмысқа дербес бөлу үшін құрылады.

Сонымен қатар, бітіруші оқуды аяқтаған соң, өзі қалаған ауылдық мекенге жұмысқа орналасуға жұмысқа орналасқаны жөніндегі анықтама мен міндеттемені «Қаржы орталығы» Акционерлік қоғамына ұсынған жағдайда құқығы бар.

Қағиданың 2-тармағының 10-тармақшасына сәйкес ағымдағы жылы оқуын бітірген жас мамандар 1 қыркүйектен кешіктірмей жұмыс орнына жолдама бойынша келеді.

Жас маманға 1 қыркүйекке дейін жұмыс орнына келмеген жағдайда «Қаржы орталығы» тарапынан Міндетті жұмыспен өтеу туралы хабарлама жолданады.

Хабарламаны алғаннан кейін, жұмысты өтеу жөніндегі міндет орындалмаған жағдайда, жас маман өзінің оқуына байланысты бюджет қаражаты есебінен шыққан шығыстарды өтеуі тиісті.

Вице-министр

Ф. Жақыпова